

«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.И.САТПАЕВА»

«БЕКІТЕМІН»

Қ.И. Сәтбаев атындағы
Қазақ Ұлттық техникалық
зерттеу университетінің
Басқама мүшесі – ғылым
және корпоративтік даму
проректоры

К.И. Кульдеев

2026 ж.

М.Тынышпаев атындағы Көлік инженериясы және логистика мектебі

Логистика бағыты бойынша
кеңейтілген отырысының
№ 1 хаттамасы

Алматы қаласы

2026 жылғы 16 наурыз

Төрайымы: Имашева Г.М. – Логистика БББ басшысының м.а., т.ғ.д.

Хатшы: Ожабаева Р.С. – Логистика кафедрасының аға оқытушысы

Қатысқандар: М. Тынышпаев атындағы КИЖЛ мектебінің басшысы, т.ғ.д., профессор Абдуллаев С.С.

М. Тынышпаев атындағы АЛТ университетінің т.ғ.д., профессоры Карсыбаев Е.Е., т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Мусабаев Б.К., М. Тынышпаев атындағы АЛТ университетінің докторанты Чень Юн.

Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ профессорлық - оқытушы құрамы: Мұханова Г.С., Болатқызы С., Избаирова А.С., Альтаева Ж.Ж., Кисёлева О.Г., Каскатаев Ж.А., Сатыбалдиева Д.О., Тымбаева Ж.М., Тилемисова А.А.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 8D11301 – көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты - М.М. Нуржаубаевтың;

2. 8D11301 – көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты – М. В. Ли;

3. М. Тынышпаев атындағы АЛТ университетінің 8D07113 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға – Г.Ж. Жанбировтың диссертациялық жұмыстарын қарастыру және диссертациялық Кеңеске қоғауға ұсыну.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Логистика» бағытының жетекшісінің м.а. Имашева Г.М. Құрметті әріптестер! Бүгін біз кафедраның кеңейтілген отырысын өткізгелі отырмыз. Күн тәртібінде докторанттар М.М. Нуржаубаевтың, М.В. Ли., Г.Ж. Жанбировтың

диссертациялық жұмыстарын талқылап, диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсыну болып отыр. олай болса отырысты ашық деп жариялаймы.

Әр докторантқа қорғауға берілген уақыт -10 минут.

Бірінші кезекте, М. Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің 8D07113 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға Г.Ж. Жанбировқа сөз беріледі. Диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Заманауи логистикалық кешендердің өндірістік және технологиялық параметрлерін ғылыми негіздеу».

Докторантура бағдарламасы аясында докторант Болгариядағы Ангел Кынчев атындағы Университетте ғылыми тағылымдамадан өткен.

Ғылыми мақалалары толық көлемде

Ғылыми кеңесші т.ғ.д., М. Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің қауымдастырылған профессоры Б. К. Мұсабаев.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі: т.ғ.д., профессор Таран И.А. - Днепровская политехника» Ұлттық техникалық университеті, Днепр, Украина.

Осы орайда, Г.Ж. Жанбировқа сөз берілді.

1. ТЫҢДАЛДЫ: 8D07113 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасының докторанты Г.Ж. Жанбиров: Диссертациялық жұмыс тақырыбы: «Заманауи логистикалық кешендердің өндірістік және технологиялық параметрлерін ғылыми негіздеу».

Жұмыстың өзектілігі. Қазіргі заманғы үрдістер 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азияның басты транзиттік торабына айналуы және көлік-логистикалық кешеннің белсенді дамуын қамтамасыз етуі мүмкін екенін көрсетеді. Әрине, бұған "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі көліктік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасы" ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты - заманауи логистикалық кешендердің өндірістік және технологиялық параметрлерін оңтайландыру бойынша теориялық және әдістемелік ережелер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеу нысаны: аймақтың логистикалық кешендері және олардың аналогтары.

Зерттеу саласы. Мамандықтың паспортында көрсетілген ғылыми бағыт шеңберіндегі диссертациялық жұмыс, экономикада және халық шаруашылығын басқаруда көлік-логистикалық жүйелерді жобалау және пайдалану принциптері бар жүйелерді бағалаудың мақсаттары мен өлшемдерін анықтау.

Зерттеу пәні: аймақтық логистикалық кешендер мен олардың жүйелерінің қалыптасуымен ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазақстандағы көліктік-логистикалық қызметтер нарығының даму үрдістері мәселесі бойынша критерийлер мен сипаттамаларға сәйкес Шаруашылық қызмет саласындағы логистикалық процестерді ұйымдастырудың тиімділігін арттыратын логистикалық жүйелердің жіктелуі мен типологиясы нақтыланды және авторлық ғылыми-әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

-Тәуекелдерді басқаруға және әзірленген әдіснамалық логистикалық жүйенің оңтайлы моделінің тұрақтылығына, сондай-ақ ұсынылған модельді қолданудың экономикалық тиімділігін бағалауға әдіснамалық тәсіл ұсынылды, өндірістік процестердің нәтижелерін экономикалық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік беретін авторлық алгоритм әзірленді.

- Қоймада жүргізілетін негізгі технологиялық операциялардың сипатын ескере отырып, "AnyLogic" бағдарламасы негізінде қойма кешенінің имитациялық моделі әзірленді.

Докторант жұмыс бойынша қорытындылар мен ұсыныстарын баяндады.

Баяндама презентация түрінде ұсынылды.

Докторанттың баяндамасын талқылау барысында келесі сұрақтар қойылып, оларға жауап алды:

Сұрақ:

Мұханова Г.С. - Қазақстандағы көлік-логистикалық нарығының даму тенденциялары мәселесі бойынша логистикалық жүйелердің жіктелуі мен типологиясы анықталды. Бұл жүйе қай жерде, қалай анықталды? Бұл жаңалық болғандықтан, дәлелденген бөлімге келсеңіз.

Жауап:

Жанбиров Г.Ж.: Зерттеу нысаны ретінде Боралдай ауылындағы Dami компаниясының қоймасы алынды. Ғылыми-зерттеу жаңалығы ретінде қойманы жүкті тиімді толтырудың имитациялық моделі келтірілген. Жүзеге асырылған зерттеу бағыты бізге мүлдем басқа тиімді көрсеткіштерді көрсетеді: үш автотиегіштер жұмысын үнемдеу, жеткізу маршруттарын тиімді пайдалану, қойманың толтыру орнын тиімді пайдалану, операциялық шығындардың қысқаруы.

Сұрақ:

Тымбаева Ж.М. – Боралдай ауылдық мекенінде орналасқан өндірістік-логистикалық мекеме бұрыннан бері жұмыс істеп жатыр. Қазіргі кезде 45 жыл бұрынғы технологиямен салыстырғанда қандай заманауи технологиялар енгізілді?

Жауап:

Жанбиров Г.Ж.: Қазіргі кезде 45 жыл бұрынғы технологиямен салыстырғанда тауарды тіркеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Егер сол жылдары ол журнал болса, қазір – автоматтандырылған жүйе. Сонымен қатар, логистикалық кешеннің қазіргі жағдайы жаңа интеллектуалды қойма шешімі болып табылады. Бұл робот-манипуляторларды, көтеру механизмдерін және сөре жүйелерін қамтитын автоматтандырылған жүйе, олар сақтау тығыздығын 2,5 есе арттырады және дәстүрлі әдістермен салыстырғанда тауарларды іріктеу тиімділігін үш есе арттырады. Төрт жақты паллет шаттлдары, қоймаларды басқару жүйелері және автоматтандырылған платформалар сияқты шешімдер қолданылады.

Сөз кезегі **пікірсарапшыларға** берілді.

Пікірсарапшы Альтаева Ж.Ж. – Жанбиров Г.Ж. жұмыста кейбір мәселелер бойынша пікір айтуға болады, атап айтқанда, зерттеу нәтижелерін тек Алматы қаласы емес, Қазақстан Республикасының көліктік –логистикалық кешендерінде қолдануды ұсынымын. Мәтінде жеке стилистикалық дәлсіздіктер мен қайталанулар бар, бұл ескертулер жұмысты жариялауға дайындау кезінде жойылуы керек. Жалпы айтқанда, диссертациялық жұмыста қойылған мақсатқа қол жеткізілген. Диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы логистикалық кешендердің өндірістік және технологиялық параметрлерін жетілдірудің өзекті ғылыми және практикалық мәселесіне арналған. Диссертациялық жұмыс 8D07113 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасының паспортына толық сәйкес келеді және философия докторы ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай орындалған және ашық қорғауғы ұсынылады.

Келесі кезекте ХКГУ Phd, қауымдастырылған профессоры Р.С. Устемировамен жызылған пікірсарап нәтижесін төрайым Г.М. Имашева оқып жеткізді: Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы өңірдің көлік-логистикалық қызметтері жүйесінің оның бәсекеге қабілеттілігі мен экономикасына әсер ету тәуекел тетіктерімен өндірістік процесінің ағындарын ұйымдастыру мен басқарудың логистикалық жүйесінің моделін жасаудан және қоймалардың кіріс және шығыс параметрлері мен оның ресурстары арасындағы корреляциялар мен қатынастарды анықтауға мүмкіндік беретін әдістеме ұсыныс дайындау және логистикалық жүйенің оңтайлы моделінің тұрақтылығын, бәсекеге қабілеттілігін бағалаумен тасымалдауды тиімді ұйымдастыру бойынша теориялық және практикалық ұсыныстарды әзірлеуден тұрады. Зерттеу тақырыбына сәйкес келетін шетелдік авторлардың жарияланған жұмыстарына жеткілікті шолу берілген, бірақ нақты тақырып

бойынша отандық ғалымдар жұмыстары бойынша, менің ойымша жеткіліксіз талдау жасалған.

Жасалған ескертулер жұмыстың сапасымен Министрлік бекіткен талаптарға қайшы келмейді, сондықтан диссертацияның мазмұны ізденушінің өз бетінше тиісті ғылыми деңгейде орындаған толық ғылыми зерттеуі екенін көрсетеді, сол себепті, Жанбиров Ғалымжанның диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ, Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне лайық деп есептеймін.

Сөз кезегі докторанттың отандық ғылыми жетекшісіне берілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Ғылыми жетекшісі Мұсабаев Б.Қ., докторант Г.Ж. Жанбиров диссертациялық жұмысты орындауға арналған барлық талаптарға сәйкес орындалған. Пікірсарапшылар тарапынан айтылған барлық ескертулермен келісемін, ескертулерге сәйкес түзету жұмыстары жүргізіледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Логистика» бағытының жетекшісінің м.а. Имашева Г.М., құрметті қатысушылар талқылау нәтижелері бойынша диссертациялық жұмысты ашық қорғауға диссертациялық Кеңеске ұсыну бойынша дауыс беруге қойылсын.

Ашық дауыс беру нәтижесі

Қарсы емес - 8

Қарсы – жоқ

Қалыс қалған – 2

1. ҚАУЛЫ ЕТТІ: М. Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің 8D07113 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға – Г.Ж. Жанбировтың «Заманауи логистикалық кешендердің өндірістік және технологиялық параметрлерін ғылыми негіздеу» тақырыбына әзірленген диссертациялық жұмысы диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсынылсын.

Келесі сөз кезегі 8D11301 көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға., Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты – М. В. Лиға беріледі.

Докторантура бағдарламасы аясында докторант Будапешт, Венгрияда Budapest Metropolitan University (Будапешт Метрополитен университеті) ғылыми тағылымдамадан өтті.

Ғылыми жетекшісі т.ғ.к., Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ профессор, Г. С. Мұханова. Шетелдік ғылыми кеңесшісі - Антонио Маффей, профессор, PhD, KTH Royal Institute of Technology, Stockholm.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға., Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты – М.В. Ли: докторлық диссертация тақырыбы - «Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының тұрақтылығын арттыру құралы ретінде реверсивті жеткізу тізбегін басқару».

Диссертациялық зерттеудің мақсаты объектілерді оңтайлы орналастыру әдістерін интеграциялауға және реверсивті жеткізу тізбегінің жұмыс істеуінің көліктік-логистикалық тиімділігін арттыруға және қайталама материалдарды ресурстық қалпына келтіру деңгейін арттыруға бағытталған жүйенің экономикалық тиімділігін бағалауға негізделген Қазақстан Республикасында тау-кен өнеркәсібі қалдықтарын қайта өңдеуге арналған реверсивті жеткізу тізбегін жобалаудың оңтайландырылған моделін әзірлеу және сынақтан өткізу болып табылады.

Диссертациялық жұмыста қойылған мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттер шешіледі:

1. Қазақстан Республикасында тау-кен қалдықтарын басқарудың қазіргі жай-күйіне талдау жүргізу, оларды қайта өңдеудің және шаруашылық айналымға қайта

тартудың негізгі экологиялық, экономикалық және көліктік-логистикалық проблемаларын айқындау.

2. Кері жеткізу тізбектерін модельдеу, өнеркәсіптік қалдықтарды басқару және айналмалы экономика жағдайында көлік-логистикалық жүйелерді оңтайландыру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүйелі шолу жасау.

3. Жүйенің көлік шығындарын, операциялық және күрделі шығындарын, сондай-ақ тау-кен қалдықтарын қайта өңдеуге байланысты шектеулерді ескеретін кері жеткізу тізбегінің математикалық оңтайландыру моделін әзірлеу.

4. Қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жүйесінің ең тиімді кеңістіктік конфигурациясын анықтау мақсатында Gravity Center, Voronoi және k-means кластерлеу әдістерін қоса алғанда, инфрақұрылым объектілерін оңтайлы орналастыру әдістеріне салыстырмалы талдау жүргізу.

5. Жүйенің шығындар құрылымын талдауды және көлік шығындары мен пайдалы компоненттерді алу коэффициентінің оның рентабельділігіне әсерін қоса алғанда, кері жеткізу тізбегінің экономикалық тиімділігін бағалау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қалдықтар көздері мен қайта өңдеу орталықтары арасындағы едәуір арақашықтық жүйенің жиынтық көлік шығындарын едәуір арттыратын Қазақстанда кеңістікте таратылған өндіру жағдайында тау-кен өнеркәсібі қалдықтары үшін кері жеткізу тізбегін қалыптастырудың көліктік-логистикалық проблемасы анықталды және ғылыми негізделген.

Техногендік минералды түзілімдерді жинау және қайта өңдеу орталықтарының экономикалық тиімді орналасуын айқындау үшін объектілерді орналастыру әдістерін (гравитация орталығы, Вороной, k-means) қолдануға негізделген кері жеткізу тізбегінің кеңістіктік құрылымын оңтайландыру тәсілі әзірленді; Қалдықтарды конверсиялау коэффициентін ескере отырып, кері жеткізу тізбегінің жұмыс істеуінің экономикалық орындылығын бағалауға мүмкіндік беретін көліктік-логистикалық оңтайландыру мен қайта өңдеудің технологиялық факторын интеграциялау ұсынылды.

Көлік желісі конфигурациясының және инфрақұрылымды орналастырудың кері жеткізу тізбегінің жалпы шығындары мен кірістілігіне әсерін бағалауға мүмкіндік беретін кеңістіктік-экономикалық модель қалыптастырылды.

Сонымен қатар, докторант, жұмыстың өзектілігі мен зерттеу нысанын, жұмыстың нәтижелерімен қорытындыларымен таныстырды.

Жұмысқа байланысты докторантқа келесідей **сұрақтар** қойылды:

1. М. Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің профессоры, т.ғ.д., Қарсыбаев Е.Е. – Презентациялық материалдарда объектілердің координаттары координаттардың есеп айырысу жүйесінде ұсынылған, бірақ нақтырақ болу үшін көліктік инфрақұрылымды (негізгі автомобиль жолдары мен логистикалық маршруттарды) көрсете отырып, қалдық қоймалары мен қайта өңдеу орталықтарының орналасуын географиялық картада қосымша көрсетсе?

Жауап:

М.В Ли – Зерттеудің пысықталған нұсқасында аймақтың географиялық картасын пайдалана отырып, объектілердің орналасуының картографиялық визуализациясын қосымша ұсыну жоспарлануда. Картада қалдық қоймалары, қайта өңдеу орталықтары, сондай-ақ негізгі көлік маршруттары мен инфрақұрылымы көрсетіледі, бұл кері жеткізу тізбегінің кеңістіктік құрылымын және объектілер арасындағы логистикалық байланыстарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Тынышбаев атындағы КИЖЛ мектебінің директоры, т.ғ.д., профессор Абдуллаев С.С. – Мария сіздің жұмысыңыздың ғылыми жаңалығы неге негізделген?

Жауап:

Ли М.В. – Қалдықтар көздері мен қайта өңдеу орталықтары арасындағы едәуір арақашықтық жүйенің жиынтық көлік шығындарын едәуір арттыратын Қазақстанда кеңістікте таратылған өндіру жағдайында тау-кен өнеркәсібі қалдықтары үшін кері жеткізу тізбегін қалыптастырудың көліктік-логистикалық проблемасы анықталды және ғылыми негізделген.

Т.ғ.д., профессор Абдуллаев С.С. тағы ескерту - ұсыныс ретінде айтарым, жұмыста көлік құралдарының түрлерін, олардың жүк көтергіштігін және негізгі техникалық сипаттамаларын қоса алғанда, көлік шығындарын есептеу кезінде пайдаланылатын көлік құралдары туралы ақпаратты қосымша ұсыну ұсынылады.

Ли М.В. - Ескерту қабылданды. Жұмысты одан әрі пысықтауда көлік шығындарын есептеу кезінде пайдаланылатын көлік құралдарының сипаттамалары бар кесте енгізілетін болады.

Киселева О.Г. – сіз қарастырып отырған математикалық модельді бакалавриат студенттеріне зертханалық сабақтарды өткізуге ұсынуға болама?

Ли М.В. – негізі, бакалавр білім алушыларына зертханалық сабақтар ретінде ұсынуға жеткілікті дәрежесі бар деп ойлаймын.

Бұл сұрақ кафедра профессорлық – оқытушы құрамымен қарастырылып, ортақ шешімге келу ұсынылды.

Сөз кезегі **пікірсарапшыларға** берілді: слова рецензентов

Пікірсарапшы Тымбаева Ж.М. –

Пікірсарапшы Имашева Г.М. – мен ескеру емес, ұсыныс ретінде айтқым келгені

Ғылыми кеңесшісі Муханова Г.С. – Бұл жұмыс негізінде мега грант аясында орындалған жұмыс болатын, жұмыс ішіндегі барлық мәліметтер шынайы зерттеулер нәтижесі болып табылады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Логистика» бағытының жетекшісінің м.а. Имашева Г.М., құрметті қатысушылар талқылау нәтижелері бойынша диссертациялық жұмысты ашық қорғауға диссертациялық Кеңеске ұсыну бойынша дауыс беруге қойылсын.

Ашық дауыс беру нәтижесі

Қарсы емес - 9

Қарсы – жоқ

Қалыс қалған – жоқ

2. ҚАУЛЫ ЕТТІ: 8D11301 – көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға., Қ, Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты – Ли М.В. «Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының тұрақтылығын арттыру құралы ретінде реверсивті жеткізу тізбегін басқару» тақырыбына әзірленген диссертациялық жұмысы диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсынылсын.

Келесі сөз кезегі 8D11301 – «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасының докторанты М.М. Нуржаубаевқа беріледі.

Отандық ғылыми жетекші С. Болатқызы – э.ғ.к., «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры (Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ) және Избаирова А.С. –

т.ғ.к., «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры (Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ);

Шетелдік ғылыми жетекші В.Ф. Лукиных – э.ғ.д., профессор «Агроөнеркәсіптегі Логистика және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі (Красноярск, Ресей).

3.ТҮЙІНДІ: «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасының докторанты М.М. Нуржаубаев, диссертациялық жұмыс тақырыбы: «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету».

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жеткізу мерзімдеріне қойылатын талаптардың өсуі, жинақтауға вагондардың біркелкі түспеуі, жекелеген телімдер мен станциялардың өткізу қабілетінің шектелуі, сондай-ақ пайдалану жұмысының экономикалық тиімділігін арттыру қажеттілігі жағдайында вагонағандарды ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдері талап етілетін нәтижені толық көлемде қамтамасыз етпейді. Бұл проблема екі өзара байланысты критерийлер тобын келісу қажет болған кезде айқын көрінеді: экономикалық - вагондардың тоқтап қалуын азайтуға, пайдалану шығындарын азайтуға және вагон айналымын жеделдетуге бағытталған; технологиялық - пойыз құрылымының тұрақтылығын, пойыздардың жүрісін және белгіленген қозғалыс режимін сақтауды қамтамасыз етуге байланысты.

Зерттеудің мақсаты- пайдалану шығындарын төмендетуді қамтамасыз ететін вагондарды жинақтау, пойыздарды құрастыру және жөнелту үрдістерінің технологиялық келісімділігі негізінде вагонағандарды тиімді ұйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік негіздер мен шешімдерді әзірлеу.

Диссертацияда қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделді:

1. Вагонағандарды ұйымдастырудың теориялық тәсілдерінің эволюциясын талдау және олардың тиімділігінің экономикалық және технологиялық өлшемдерін анықтау.
2. Жүйелік шектеулерді (жоғары тұру уақыты, жинақтаудың біркелкісіздігі, кестеден ауытқулар) анықтай отырып, магистральдық желіде вагонағандарды ұйымдастырудың қазіргі жағдайын зерттеу.
3. Вагондардың жинақталу параметрлері, пойыздардың жөнелту жиілігі және тасымалдау үрдісінің экономикалық көрсеткіштері арасындағы тәуелділікті ресімдеу.
4. Станциялардың өткізу және қайта өңдеу қабілетінің шектеулерін ескере отырып, вагондарды жинақтау үрдісін оңтайландырудың экономикалық-технологиялық моделін әзірлеу.
5. Вагонағандарды тұрақтандыру құралы ретінде жүк пойыздар қозғалысының «рейстік моделін» енгізу қағидаттарын негіздеу.
6. Белгіленген кесте тізбектері бойынша жөнелту үшін вагондарды жинақтау және құрамдарды құрастыру үрдісін келісу нұсқасын әзірлеу.
7. Экономикалық тиімділікті есептей отырып, Алматы Жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық станцияларында әзірленген нұсқаны сынақтан өткізу.

Зерттеу объектісі техникалық станциялардан вагонағандарды жинақтау, құрастыру, жөнелту және магистральдық теміржол желісіндегі вагонағандарды ілгерілету үрдістері болып табылады.

Зерттеу пәні-вагондарды жинақтау үрдісін жетілдіру және жүк пойыздар қозғалысының «рейстік» моделін енгізу негізінде вагонағандарды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету әдістері.

Зерттеу әдістері диссертацияда жүйелік және үрдістік тәсіл, ретроспективті шолу, құрылымдық-функционалдық талдау, критериалды талдау, салыстырмалы талдау, тәжірибелік деректерді талдау қолданылады.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы:

- вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагонағындардың біркелкісіздігі және пойыздарды жөнелту режимінің вагонағындарды ұйымдастыру тиімділігіне әсері анықталды;

- пойыздарды құрастыру және жөнелту жоспарының орындалуына әсер ететін критикалық ауытқуларды анықтау және пойыздарды құрастырудың рұқсат етілген нұсқаларын таңдау әдістемелік қамтамасыз етілген;

- вагондардың жекелеген топтарының түсуін және «рейстік модель» бойынша пойыздардың жөнелту шарттарын ескере отырып, вагондарды жинақтау үрдісі зерттелді. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары талқыланып, сұрақтар қойылып, жауап алынды.

Сұрақ:

М. Тынышпаев атындағы КИЖЛ мектебінің директоры, т.ғ.д., профессор Абдуллаев С.С. - Диссертациялық жұмысыңыздың ғылыми жаңалығы?

Жауап:

Вагондардың жекелеген топтарының түсуін және «рейстік модель» бойынша пойыздардың жөнелту шарттарын ескере отырып, вагондарды жинақтау үрдісі зерттеу болып табылады.

Мұханова Г.С. - Жұмысыңыздың тақырыбы тікелей вагонағындарды ұйымдастыруға байланысты болғандықтан Алматы 1 станцияны айналып өту жолын қарастыру керек еді деп ойлаймын

Жауап:

Айтылған ұсынызбен келісемін, қазіргі таңда өзекті бағыттардың бірі Жетіген-Казбек би желісін қарастыруды ескеремін

Сөз кезегі **пікірсапаршыларға** беріледі:

Пікірсапаршы Киселева О.Г.: Вагон ағындарын дұрыс ұйымдастыру ең алдымен шығындарды оңтайландыруға бағытталуы тиіс. Бос жүрістерді азайту, вагондардың айналым уақытын қысқарту және тиеу-түсіру операцияларын үйлестіру — негізгі міндеттер. Егер вагондар бір бағытта жүктеліп, кері бағытта бос қайтса, бұл айтарлықтай экономикалық шығындарға әкеледі. Сондықтан логистикалық жоспарлау кезінде жүк ағындарының теңгерімділігіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Сонымен қатар цифрлық платформаларды енгізу арқылы нақты уақыттағы деректер негізінде шешім қабылдау экономикалық тиімділікті арттырады.

Вагон ағындарын басқаруда инфрақұрылымдық шектеулер (жол өткізу қабілеті, станциялардың жүктемесі) және сыртқы факторлар (маусымдық өзгерістер, сұраныс ауытқуы) әсер етеді. Сондықтан икемді жоспарлау және сценарийлік модельдеу әдістерін қолдану маңызды.

Тиімді ұйымдастырылған вагон ағындары - бұл тек шығындарды азайту құралы емес, сонымен қатар бүкіл көлік-логистика жүйесінің сапасын арттырудың негізі. Экономикалық және технологиялық тәсілдерді үйлестіре отырып, теміржол кәсіпорындары тұрақты даму мен жоғары тиімділікке қол жеткізе алады.

Пікірсапаршы Каскатаев Ж.А.: докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы, өзекті мәселелердің біріне сәйкес келеді. Себебі, вагон ағындарын ұйымдастыру теміржол көлігі жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады, ол жылжымалы құрамды тиімді пайдалану деңгейіне, тасымалдаудың өзіндік құнына, инфрақұрылымның өткізу және өңдеу қабілетіне, сондай – ақ пойыздар қозғалысы кестесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Қазіргі уақытта көліктік-логистикалық жүйелердің дамуы транзиттік тасымалдаулардың көлесінің өсуі және тасымалдау үдерісінің экономикалық тиімділігіне қойылатын талаптардың күшеюі жағдайында вагон ағындарын басқару әдістерін жетілдіру мәселелері ерекше маңызды болып отыр.

Зерттеудің жоғары ғылыми және практикалық маңыздылығына қарамастан, диссертациялық жұмыста бірқатар ескертулер бар: интегралдық тиімділік критерийін қалыптастыру кезінде салмақ коэффициенттерін таңдау механизмі толығырақ ашылуы мүмкін.

Жұқағындарының біркелкі болмауы және маусымдық ауытқулар жағдайында ұсынылған шешімдерді енгізу мүмкін болатын тәуекелдерді талдау қосымша толықтырылуы мүмкін.

Бұл толықтырулар ұсыныс сипатында болып, жұмыстың жалпы жағары бағасына әсер етпейді. Жұмыс докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 8D11301 – көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми жетекші С. Болатқызы – э.ғ.к., «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры (Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ): жұмыс ғылыми тұрғыдан аяқталған, 8D11301 – «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс қалыптастырылған. Жұмыс кіріспеден, бірнеше тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір тарауда зерттеу мәселесінің белгілі бір аспектілері жүйелі түрде қарастырылып, теориялық тұжырымдар тәжірибелік материалдармен толықтырылған.

Сонымен бірге жұмыста кейбір жекелеген мәселелер бойынша пікір айтуға болады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелерін теміржол желісінің басқа бөлімшелерінде қолдану мүмкіндіктерін кеңірек қарастыру, сондай-ақ ұсынылған модельдің әртүрлі пайдалану жағдайларындағы сезімталдық талдауын тереңдету жұмыстың ғылыми құндылығын одан әрі арттыра түсер еді. Алайда аталған ескертулер жалпы алғанда зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді және диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелеріне әсер етпейді.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмысты өзінің мақсатына жеткен, теориялық тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған ғылыми зерттеу деуге негіз бар. Нуржаубаев Мейрам Махановичтің «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс мазмұны «8D11301 – Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасының паспортына толық сәйкес келеді және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай орындалған және ашық қорғауға ұсынылады.

Екінші отандық ғылыми кеңесшісі ҚазҰТЗУ «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. А.С. Избаирова: Диссертацияның ғылыми жаңалығы вагон ағындарын басқаруда көпфакторлы бағалау тәсілін енгізу арқылы экономикалық тиімділік пен технологиялық үдерістердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік ұсыныстардың әзірленуінен көрінеді. Автор ұсынған тәсілдер тәжірибелік тұрғыда қолдануға жарамды және теміржол кәсіпорындарының қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы жоғары, себебі ұсынылған модельдер мен әдістерді көлік-логистика жүйелерінде енгізу арқылы вагон айналымын жеделдету, бос тұру уақытын қысқарту және тасымал шығындарын төмендету мүмкіндігі бар.

Жұмыс құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған, мазмұны толық ашылған. Автор ғылыми әдебиеттерді кеңінен пайдаланып, зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақты айқындаған. Қорытындылар мен ұсыныстар негізді және дәлелді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Автор өз бетінше ғылыми зерттеу жүргізе алатындығын көрсетті, айтылғандарды ескере отырып, диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға лайықты.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Логистика» бағытының жетекшісінің м.а. Имашева Г.М., құрметті қатысушылар талқылау нәтижелері бойынша диссертациялық жұмысты ашық қорғауға диссертациялық Кеңеске ұсыну бойынша дауыс беруге қойылсын.

Ашық дауыс беру нәтижесі

Қарсы емес - 7


Қарсы – жоқ

Қалыс қалған – жоқ.

Бір ауыздан қабылданды.

3. ҚАУЛЫ ЕТТІ: 8D11301 – көлік қызметтері білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алуға., Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ докторанты – М.М. Нуржаубаевтың «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбына әзірленген диссертациялық жұмысы диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсынылсын.

Төрайым



Имашева Г.М.

Хатшы



Олжабаева Р.С.